



БІЛІМ КІПТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 2(164), 2022
Ақпан
Февраль

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Тиімді басшы – ұйым жетістігінің кепілі.....	3
Н. Айтжанова	
Ұстаз – ұлы есім	4
Г. Каналиева	
«Экология негіздері» факультативтік курс бағдарламасы.....	5
З. Такабаева	
WorldSkills – әлемдік кәсіби стандартты дамыту құралы.....	10
А. Султанғалиева, М. Унгарбаев	
География пәндерін оқытуда Google карталарын пайдаланудың тиімділігі.....	14
М. Сатмағамбетова	
Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы балалардың зияткерлік қабілетін дамыту	17
Г. Алдиярова	
Интерактивті әдістерді сабақта тиімді қолдану технологиялары	19
Н. Болатова	
Балалардың шығармашылық қабілетін топтық іс-әрекеттер арқылы қалыптастыру.....	22
О. Ешимбетов	
Основные базисные моменты при проведении урока русского языка и литературы в группах с государственным языком обучения по теме «М.Е. Салтыков – Щедрин. Повесть о том, как один мужик двух генералов прокормил»	26
Н. Клименко	
Роль мастера производственного обучения в обучении и воспитании студентов.....	29
Б. Карамендина	
Сложение и вычитание с числом 7. Моя семья – 7Я	31
А. Гайсанова	
Уровневая дифференциация	36
Г. Алпысбаева	
Пейзаж. Табиғатпен үйлесім. Әуе перспективасы.....	39
А. Орынбаева	
Сложение и вычитание. Помогаю своим друзьям	45

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

**БІЛІМ КІПТІ -
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10965-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
5.02.2022 ж.
Сандық басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел:
8 777 303 37 67.
Эл пошта:
pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информации РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 5.02.2022 г.

Печать цифровая.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

Моб.т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».

Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Туімді басшы – ұйым жетістігінің кепілі



Дина Узакбаевна ЖАМАНБАЕВА,
Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибе-
лік орталығының директоры.
Ақтөбе қаласы.

Білімі:

- 1993 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітірген;
- 2017 жылы Қазақ-Орыс Халық-аралық университеті менеджмент мамандығы бойынша экономика және бизнес магистрі.

Еңбек жолы:

- 1993 жылы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі;
- 1996-1997 жылдар аралығында Ақтөбе облыстық физика математика мектеп-интернатында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі;
- 1997-2008 жылдар аралығында Ақтөбе қалалық ғылыми-тәжірибелік үйлестіру орталығының әдіскері;
- 2008-2012 жылдары «Тілдерді зерттеу» орталығында әдіскер;
- 2012-2013 жылдары «Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығында» әдіскер;
- 2013-2021 жылдары «Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы» МКҚК директорының орынбасары;
- 2021 жылдан бастап бүгінге дейін «Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы» МКҚК директоры.

Жетістіктері:

- Ақтөбе облыс әкімдігінің «Алғыс хаты» (2018 ж.);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасы» (2019 ж.);
- «Нұр Отан» партиясы Ақтөбе облыстық филиалының «Алғыс хаты» (2020 ж.).



Ұстаз – ұлы есім

Адам баласына көмектесу – игілікті істердің бастамасы. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған дихан да, мал бағып терін төккен шопан да, бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған, сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.

Ұстазы мықтының ұстанымы мықты дегендей мен өзімді ұлағатты ұстаздардан жолы болған жан санаймын. Өмірлік азық берген, бойыма адамгершіліктің жоғарғы нормаларын сіңірген ең алдымен М. Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатындағы ұстаздарыма мың алғыс. Жас ұрпақты білім нәрімен сусындатар, шәкірт жүрегіне гүл егер, бала жанының бағбаны аяулы ұстаздарым тұлға болып, өз жолымды таңдауыма үлкен әсер етті. Еліміздегі тегеурінді жоғары оқу орындарының бірі – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алуымның өзі де сол жандардың арқасы деп санаймын. Ұлттық университеттің қабырғасында білім алып қана қоймай, өмірлік тәжірибе жинақтауыма, білікті, бәсекеге қабілетті маман даярлауда Таубаева Шаркуль Таубаевна, Төлешова Ұлменкен Болатовна, Жумабекова Қырмызы Бакыткалиевна, Қасымова Роза Садықовналарға ерекше рахметімді айтар едім. Еліміздегі танымал профессорлар болғанымен де, нағыз ұстазға тән қасиеттерді осы кісілердің бойынан көруге болады.

Қазіргі таңда Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығында жұмыс

жасаймын. Орталықтың басшысы Жаманбаева Дина Ұзақбаевна мен білім алған мектеп-интернаттың түлегі және алғашқы тәжірибесін сол білім ордасынан бастаған ұстаз. Біреуді асыра мақтау бойымда жоқ қасиет. Бірақ «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» – дегендей, Дина Ұзақбаевнаны әділ де турашыл, жоғары мәдениетті, салмақты, әдепті, кішіпейіл, мәңгілік нұрдың адамы ретінде жоғары бағалаймын. Барлық ой мен қимыл-әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі деп білемін. Әрдайым салқын сабырлықпен үйрететін қасиеті тәнті етеді. Өмірлік жолымда ұлы ұстаздардан тәлім мен тәрбиенің, ақылдың тозбайтұғын асылдарын алғаным үшін мақтанамын.

Ұстаз – таудан сарқырай аққан тау өзені, айналасына қуат беріп, жолында кездескендерді суымен нәрлендіріп, таудай қиындықтарды тастай домалатып, білімнің сар даласында тыныштық тауып, дамылдайды. Қасиетті мамандық иелерінің ішіндегі жауһары. Өзге мамандық атаулылары өздерінің түр-сипатын мың құбылтып жатса да, еш өзгеріссіз сол бәз баяғы қалпында жас ұрпаққа адамгершілік қасиеттердің дәнін еккен диқаншыдай ұстаздық ғасырдан-ғасырға жалғаса беретініне сенемін. Барша ұстаздарыма басымды иіп, алғысымды айтамын!

**Нурбакыт Жанбырбаевна
АЙТЖАНОВА,**

**Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік
орталығының әдіскері.
Ақтөбе қаласы.**



«Экология негіздері» факультативтік курс бағдарламасы

Оқушының оқытудағы білім жетістіктерін бағалаудың жаңа критерийлеріне сәйкес саралап, деңгейлеп оқытудың маңызы зор. Себебі оқытудың формасы мен әдістері оқушының жеке қабілеттері мен қызығушылықтарына негізделеді. Ол үшін оқыту үрдісінде топтық жұмыс ұйымдастырылады. Қарым-қатынас жасауға қолайлы жағдай туады.

Экологиялық білім алуда өзара қарым-қатынас нәтижесінде ұжымдық қатынастың қалыптасуына, жауапкершілікті сезіне білуге үйретеді. Сонымен бірге оқушылардың өзін-өзі бағалау, бақылауда тиімді әдіс болып табылады.

Экологиялық білім берудің тиімділігі неде?

- Оқытудың дамытушылық сипатын қамтамасыз ету үшін жаттығулар мөлшерін көбейтуге болады;

- Оқушы өзі ізденіп жауап береді, мұғалім ұйымдастырушы, бағыт, бағдар беруші;

- Әр оқушыға тапсырманы тандап алуда еркіндік беріледі;

- Әр оқушы өз біліміне сай нақты бағаланады.

Экологиялық проблемаларды сабақта тиімді қолдану үшін не керек?

- оқушылардың жеке қабілеттері мен оқу мүмкіндіктерін білу;

- оқушылардың қабілеттері мен білім, білік дағдыларын жекелеме, топпен жұмыста қолдану;

- оқушылардың жұмыстарын жүйелі түрде талдау;

- оқушылардың өз бетімен жұмыс істей білу дағдыларын, жеке оқу үрдісін басқара білу біліктерін жоспарлау;

- сабақта кері байланысты жүзеге асыру;

«Экология негіздері» авторлық жұмыстың мақсаты:

- Экологиялық білім мен сананы мектеп жасынан қалыптастырып, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке, таза ұстап аялау арқылы экологиялық білім ұғымдардың негізінде оқушыларға тереңінен білім беру;

Міндеттері:

- Оқушылардың ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа жетелеу;

- Оқушылардың танымдық және интеллектуалдық дағдыларын қалыптастыру;

- Алған білімдерін дүние жүзінде болып жатқан ғаламдық проблемалармен байланыстыра отырып, ол жөнінде өз ойларын, пікірлерін айта білуге үйрету;

- Өздік жұмыс жасауына ықпал жасау;

- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын экологиядағы ғаламдық проблемалық сұрақтарды шешу арқылы пәнге деген түсіністіктерін арттыру;

Экологиялық әдебиеттерден қажетті мәліметтерді жинай білуге дағдыландыру;



- Дүние танымдық қабілеттерін, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, олардың құзырлылығын арттыру.

Оқушыларға тапсырмаларды орындату барысында күтілетін нәтиже:

Сабақ барысында оқушылар экологиялық білімдерін жетілдіріп қана қоймай, әр түрлі қолданбалы іс-әрекеттерді орындай отырып, түрлі зерттеу жұмыстарын қорытындылап, нақты дәлелдер келтіреді және де дүниені танып білуге деген құштарлығы, ынта-ықыласы артады.

Мұнда:

- Оқушылар экологиядан алған білімдерін шыңдау барысында экология пәніндегі түрлі жүзеге асатын процестермен танысады.

- Денсаулықтарын сақтап, түрлі аурулардың алдын алуға ат салысады.

- Сабаққа деген ынтасы, қызығушылығы артады.

- Білімді өз бетімен алу жолдарын үйренеді.

Әдістемелік нұсқаулар.

Курсты меңгеру барысында оқушылар көп нәрсені үйренеді: өздігінен ізденуге, кесте толтыру, ғылыми жинақтар жазу, суреттермен жұмыс жасау, ақпарат және де түрлі интернет ресурстарымен жұмыс жасауды үйренеді.

Дәптерге дәрістер, тезистер құрады, кесте, сызбанұсқа, ақпарат көздерінен жиналған түрлі мәліметтер, диаграммалар, сонымен қатар рефераттар дайындап, слайд жасалып, әрбір жұмысты қорытындылап, бағалау.

Қолданатын құрал-жабдықтар:

Есептер шығаруға арналған түрлі

суреттер, дидактикалық материалдар, электрондық оқулықтар, компьютер (слайдтар), кестелер мен үлестірімелер.

Пәнаралық байланыс:

Медицина, экология, математика, химия, физика.

Оқытудың іс-әрекет түрлері:

- Оқушылар тірі ағзаларға әсер етуші факторлар туралы мәліметтерді талдап, зерттеп, зерделейді;

- Материалды проблемалық оқыту тәсілі арқылы экологиялық-танымдық білімді дамыту, яғни:

- ғаламдық проблемаларды ашып айта алу;

- талдау-салыстыру;

- сипаттау;

- пікірталас;

- кестемен жұмыс;

- толықтыру әдістерін меңгереді.

- Ақпарат көздерінен негізгі ұғымдарды, мәліметтерді қысқарта жазып, қорытып, талдау арқылы нақты тұжырым жасайды, тезистер құрастырады.

- Қосымша әдебиеттер мен мерзімді баспасөздегі және де әр түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтер мен хабарларды салыстырып, өз пікірін білдіреді, дәлелдейді.

- Сабақты түрліше деңгейде ұйымдастыра отырып, оқушылардың алған білімдеріне тексеру жүргізіледі.

Оқушылардың білімі мен іскерліктеріне қойылатын талаптар:

Оқушылар міндетті түрде білуі қажет:

- бейіндік курс бойынша, базалық курста берілмеген білім көздерімен жұмыс істей білу;

III. Бағдарлама мазмұны.

Кіріспе — 7 сағат.

Экология ғылымымен толық таныстыра отырып, ұйымдастыру жұмыста-



рымен, балаларға курстың мақсатын, маңызын түсіндіру. Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

Популяция – 6 сағат.

Популяция туралы жалпы түсінік, популяцияның жалпы экологиялық мәселелерді толық қарастыра отырып, аталған тақырыптар бойынша жаңа материалдарды іздестіру.

Биосфера – 7 сағат.

Аталған тақырыптарға байланысты қосымша материалдарды жан-жақты қарастырып, оқушыларға биосфералық экожүйенің бағыттарын таныстыру.

Дүниежүзілік экологиялық дағдарыс және оның салдары – 6 сағат.

Жалпы аталған тақырыптарға сүйене отырып, оқушыларды дүниежүзілік экологиялық проблемалармен таныстырып, тәртіптерімен, проблемаларды шешу жолдары жайлы толық мағлұматтар бере отырып, табиғатты аялауға үйрету.

Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және табиғатты қорғау мәселелері – 7 сағат.

Оқушылармен аталған тақырыптар бойынша елімізде қорғауға алынған жануарлар мен өсімдіктердің түрлерін сақтап қалу шараларымен таныстырып, оқушыларды экологиялық тәрбиеге баулу.

Қорытынды – 1 сағат.

Жыл бойғы жұмыстарды қорыта отырып оқушылармен топсеруенге шығу.

IV. Бағдарламаның методикалық қамтамасыздығы.

Сабаққа қажетті әдістемелік құралдар, көрнекі нұсқаулықтар, кестелер, анықтамалықтар, схемалар,

сызбалар, суреттемелі материалдар және сабаққа қажет басқа да әдістемелік материалдар қолданылады.

Білім сапасы бағасының өлшемдері мен формалары.

Білім сапасының нәтижелігінің бағасын бақылау әдісі.

- Тест тапсырмалары,
- Алдын-ала қарап сұрыптау,
- Іс-тәжірибелік жұмыстар,
- Бақылау сабақтары,
- Әр түрлі сайыстар (тікелей қатысу, сырттай қашықтықтан);
- Сұрақ-жауап, пікір алмасу;
- Шығармашылық есеп беру;
- Фестиваль, слет, іс-шараларға қатысу;
- Шебер сыныптар.

Бағдарламаның материалдық қамтамасыздығы.

Қажетті құрылғылар: Жабдықталған кабинет, сызба, көрнекілік карталар, арнайы сызба тақталары, қағаз, қалам, бояулар, сұлбалар, бейне таспалар, кітаптар, әдістемелік құралдар, оқытудың басқа да техникалық жабдықтары және басқа да қажетті заттар.

Бағдарламаның кадрлық қамтамасыздығы.

Курс жетекшісі, яғни мұғалім.

Күтілетін нәтиже

«Экология негіздері» курсы бойынша білім алған оқушылардың, оқу барысында нәтижесі қандай болмақ;

- Осы бағдарлама барысында оқушы өз ойын толық жеткізе отырып, курстың қыр-сырын, білімдерін, шеберліктерін шындап оқу барысындағы алған білімдерін практикалық жүзеге асыра алады;

- Оқушылар өздерінің алған білімдері арқылы практикалық тұрғыда



қолдана отырып, жоғары жетістіктерге жете алады;

- Өздерінің әрбір жасаған жұмыстарына, іс-әрекеттеріне анализ жасай білетін дәрежеге жетеді;

- Жасаған жұмыстарына, алған білімдеріне қорытынды шығара алады;

- Әр оқушы жеке тұлға болып қалыптасуға қадам жасай отырып, осыдан күтілетін нәтижелерін қорытындылап болжам жасай алады.

V. Қолданылған қосымша мұғалімге арналған әдебиеттер:

1. Торманов Н.Т. Биологияны оқыту әдісі, - Алматы, 2002;

2. Чильдебаев Ж. Экологияны оқыту әдістері. Алматы баспасы 2002;

3. Комисаров Б.Д., Мягков П. Методика обучение общей биологии. 2005;

4. Журнал «Биология в школе». — М. 2000-2013;

5. Евтюгин Г.А. Проблемы безопасности среды обитания человека: [учебное пособие] / Г. А. Евтюгин, Г.К. Будников, Е.Е. Стойкова; Казан. гос. ун-т, Хим. ин-т им. А. М. Бутлерова. — Казань: КГУ, 2007. 21, 70;

6. Будыко М.И. Глобальная экология. — М.: Мысль, 1977;

7. Будыко М.И. Эволюция биосферы. — Л.: Гидрометеиздат, 1984;

8. Стивен Хокинг: Краткая история времени от Большого взрыва до черных дыр. — Санкт-Петербург, 2001.

VI. Қолданылған әдебиеттер:

1. Гудзь В.П., Примаков И.Д. и др. Адаптивные системы земледелия: Учебник — М.: Центр учебной литературы, 2007 - 334 с.

2. Примаков И.Д., Гудзь В.П., Рошко В.Г. и др. Рациональные севообороты в современном земледелии, 2003 - 384 с.;

3. Кирюшин В.И. Экологические основы земледелия: учебник. — М.: Колос, 1996, 367 с.;

4. Шилов И.А. Экология. — М.: Высшая школа, 2000;

5. Колбовский Е. Ю. Экологический туризм и экология туризма — М.: Академия, 2011. — 256 с.;

6. Косолапов А.Б. Теория и практика экологического туризма: учебное пособие — М.: КНОРУС, 2005. — 240 с.

Күнтізбелік тақырыптық жоспар

Сабақтың тақырыбы	Барлығы	Теория	Практика	Мерзімі
Кіріспе	7	7		
Экология ғылымының қалыптасуы	1	1		
Экология пәнінің мақсаты мен міндеті	1	1		
Экология ғылымының даму тарихы мен кезеңдері	1	1		
Ағзалардың тіршілік ету формалары	1	1		
Ағзалардың тіршілік ету ортасы	1	1		
Абиотикалық факторлардың ағзаларға әсері	1	1		
Биотикалық факторлардың ағзаларға әсері	1	1		
Популяция	6	5	1	



Популяция туралы түсінік	1	1		
Популяцияның мәні мен сипаттамасы	1	1		
Популяциялар арасындағы өзара байланыс	1	1		
Тірі ағзалардың тіршілік ету ортасы	1		1	
Биоценоз туралы түсінік.	1	1		
Биоценоздың трофикалық құрылымы	1	1		
Биосфера	7	6	1	
Атмосфералық ауаның ластануы	1	1		
Биосфера – тіршілік қабаты	1	1		
Өсімдіктер мен жануарларды қорғау	1		1	
Табиғат қорларын тиімді пайдалану	1	1		
Биосфераның құрамы мен құрылымы	1	1		
В. Вернадский ілімі және биосфера	1	1		
Ноосфераның қалыптасуы	1	1		
Дүниежүзілік экологиялық дағдарыс және оның салдары	6	6		
Экологиялық дағдарыс және экологиялық қазіргі заманғы мәселелер	1	1		
Антропогендік факторлардың әсерінен флораны қорғау	1	1		
Антропогендік фактордың фаунаға әсері	1	1		
Арал теңізінің экологиясы	1	1		
Гидросфера экологиясы	1	1		
Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және табиғатты қорғау мәселелері	7	5	2	
Қазақстанның Қызыл кітабы	1		1	
Қазақстандағы қорықтар	1	1		
Еліміздегі қорықшалардың жағдайлары	1	1		
Жергілікті елді мекендердегі экологиялық проблемалар	1	1		
Қоршаған орта сапасына бақылау жасаудың мониторинг жүйесі	1		1	
Экологиялық білімді адамның іс-тәжірибесінде пайдалануы	1	1		
Жер ғаламшарының экологиялық апаттары	1	1		
Қорытынды	1		1	
Барлығы	34	29	5	

Гульнур Гиладжовна КАНАЛИЕВА,
Сырым ауданының білім беру бөлімінің әдіскері.
Сырым ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.



WorldSkills – әлемдік кәсіби стандартты дамыту құралы

WorldSkills – бұл халықаралық коммерциялық емес қозғалыс, оның мақсаты – жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру және шеберлік дағдыларын дамыту.

WorldSkills – бұл өзгеріс жасағысы келетін бүкіл әлемде адамдарды біріктіретін халықаралық әлеуметтік қозғалыс. Оның негізгі миссиясы – кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруды қалайтын адамдарға жағдай жасау.

WorldSkills жарыстары – бұл, ең алдымен, әлемнің көптеген елдерінің делегациялары қатысатын бірегей, ауқымды іс-шара!

Мұндай шараны өткізу – ешбір жаһандық жарыстардан, әлем чемпионаттары мен чемпионаттарының финалдарынан кем түспейтін үлкен ұйымдастырушылық міндет, абырой мен жауапкершілік.

WorldSkills қозғалысын Олимпиадамен салыстыра отырып, WSC-ны дағдылар мен құзыреттер олимпиадасы деп те атауы тегін емес.

Әлем чемпионатының негізінде, әрине, ең танымалдық критерийі бойынша таңдалған WS қозғалысының ресми құзыреттеріне арналған жарыстар жатыр. Осылайша, бәсекеге қабілетті күн тәртібін қалыптастыру сұранысқа ие мамандықтардың өзіндік рейтингі және автоматтандыру мен жаңа технологиялардың шабуылы кезінде танымалдылығын жоғалтып жат-

қан құзыреттердің динамикасын қадалау болып табылады.

Іс-шараның маңызды бөлігі конгресс және көрме бөлімі болып табылады, оның барысында WorldSkills жаһандық қауымдастығы үкімет, бизнес, жергілікті аумақтар мен салалардың өкілдерімен пікірталас барысында белгілі бір дағдылар мен құзыреттердің дамуын болжайды.

WorldSkills International (WSI) – халық-аралық коммерциялық емес бірлестік, оның мақсаты бүкіл әлемдегі кәсіби дайындық пен біліктіліктің мәртебесі мен стандарттарын көтеру, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша халықаралық жарыстар арқылы жұмысшы кәсіптерін танымал ету.

1947 жылы Испанияда алғашқы ұлттық кәсіптік білім беру жарысы өтті. Бұл жұмысшы мамандықтарының танымалдылығын арттыруға және кәсіптік білім берудің тиімді жүйесін құруға ықпал етуге шақырылды, өйткені елімізде Азаматтық соғыстан қалпына келген білікті жұмысшылардың жетіспеуі болды. Бұл идеяның авторы испандық жастар ұйымының бас директоры Хосе Антонио Элола Оласо болды.

Бұл бастаманы алғашқылардың бірі болып Португалия қолдады. Нәтижесінде, 1950 жылы алғашқы халықаралық Пиреней жарыстары өтті, оған екі елдің 12 өкілі қатысты. Үш жылдан



кейін бәсекеге Германия, Ұлыбритания, Франция, Марокко және Швейцария қосылды. Осылайша, Жалпы WorldSkills 1953 жылы құрылды.

Бүгінгі таңда WorldSkillsка 80 ел қатысуда. WorldSkills негізгі қызметі 18 жастан 22 жасқа дейінгі жастар үшін әр түрлі деңгейдегі кәсіби жарыстарды ұйымдастыру және өткізу. Бұл қазіргі уақытта ең үлкен жарыс.

Испаниядан тыс жерде алғаш рет жарыстар 1958 жылы Брюссельде Дүниежүзілік көрме аясында өтті, ал 1970 жылы олар әлемнің басқа бөлігінде — Токиода алғаш рет өтті. 2000 жылдардың басында International Vocational Training Organisation (IVTO) өзінің атауы мен символизмін өзгертті, содан бері WorldSkills International атауымен жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда WSI қамқорлығымен көптеген іс-шаралар өткізілуде, соның ішінде облыстық және республикалық жарыстар, WorldSkills чемпионатының құрамына алты негізгі бағытқа бөлінген 45 кәсіби құзырет кіреді.

2014 жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасы WorldSkills International ұйымына мүше болуға өтініш берді, Қазақстан WorldSkills қауымдастығының 70-мүшесі болды.

2015 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-мен бірлесіп, талаптарды ескере отырып, колледж студенттері арасында облыстық және республикалық кәсіптік шеберлік байқауларын ұйымдастырды.

WorldSkills ұйымы мен халықаралық деңгейде өнер көрсету үшін Қазақстан Республикасының ұлттық құрамасын жасақтады.

Өз номинациялары бойынша үздіктер кәсіптер бойынша WorldSkills Competition олимпиадасына дайындалу үшін ұлттық құрамаға қабылданды. Осылайша Қазақстан құрамасы 2015 жылы Бразилияның Сан-Паулу қаласында өткен Олимпиадада алғаш рет өнер көрсете алды.

2015 жылы WorldSkills Kazakhstan Ұлттық чемпионаты Қазақстанда алғаш рет өтті. Оған Қазақстан Республикасының 14 облысынан, 70-тен астам үміткерлер қатысты. Негізгі миссиясы халықаралық стандарттар негізінде техникалық кәсіптер үшін жоғары технологиялық өндірістерді кадрлармен қамтамасыз ету тетіктерін, соның ішінде кәсіби бағдарлау, оқыту, сарапшылық қоғамдастықтарды қалыптастыру және еңбек өнімділігін арттыру тетіктерін қалыптастыру болып табылады.

WorldSkills Kazakhstan негізгі мақсаттары:

1. Жастарды кәсіптік оқытудың озық әлемдік тәжірибесін анықтау және оларды Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне (бұдан әрі — ТЖКБ) енгізу;

2. Қазақстанның ТЖКБ жүйесіне инновациялық процестерді ынталандыру және оқытудың жаңа технологияларын енгізу;

3. Оқу бағдарламаларын жетілдіру бойынша тұрақты әдістемелік көмек көрсету арқылы Қазақстанның сараптамалық қоғамдастығын дамыту;

4. Еңбек адамының мәртебесін және техникалық мамандықтардың беделін көтеру.

WorldSkills Қазақстан ұлттық чемпионаты 2016 жылғы 12 қыркүйектен



15 қыркүйек аралығында өткен чемпионатта Маңғыстау облысы 3 медальмен оралды.

2016 жылдың қыркүйек айында Астана қаласында өткен чемпионаттың жеңімпазы Маңғыстау туризм колледжінің қоғамдық тамақтандыру факультетінің 4 курс студенті Мөлдір Құлбаева болды. Аспаздық байқаудың қорытындысы бойынша студент 1 орынды иеленіп, Түркияда кәсіпті одан әрі меңгеруге мүмкіндік беретін жүлделі грантқа ие болды.

Нұр-Сұлтан қаласында «WorldSkills Kazakhstan 2019» – V Республикалық кәсіби шеберлік Чемпионатының ашылу рәсімі өтті. Оған еліміздің 17 аймағынан 400-ден астам жас маман (22 жасқа дейінгі) WorldSkills-тің 38 құзыреттілігі (мамандықтары) бойынша өтті.

«WorldSkills Kazakhstan 2019» Маңғыстау облысы 4 алтын, 1 күміс, 4 қола, 7 медальон алды.

Максималды нәтижеге жету үшін конкурстың келесі шарттарын сақтау қажет:

Жарыстар ашық болуы керек, яғни, оларға барлық мүдделі тұлғалар еркін келе алады,

Жарыстың ережелері мен шарттары біркелкі және барлық қатысушылар үшін тең болуы керек,

Тест тапсырмалары мен бағалау критерийлері алдын ала белгілі болуы керек,

Барлық тандалған критерийлер байқау барысында бағалануы керек. Оған кемінде 16 және 22 сағаттан аспайтын таза жарыс уақыты бөлінеді (тәжірибе көрсеткендей, бұл қатысушылардың құзыреттілігін сенімді бағалау үшін ең

оңтайлы уақыт),

Критерийлерді бағалау процесіне барынша мүмкін болатын мамандар мен сарапшылар тартылуы керек,

Нәтижені бағалау жүйесі бейтарап болуы керек (мүмкіндігінше электронды) және әрбір сарапшыдан алынған бастапқы ақпаратқа негізделген.

«Слесарлық іс» құзіреттілігі бойынша 2016 жылы колледжішілік, өңірлік және Республикалық WorldSkills чемпионаты жоғарғы деңгейде өтті.

Өңірлік чемпионатта бірінші орын Маңғыстау энергетикалық колледжі студенті Шеръеметов Радион өз шеберлігін жоғарғы деңгейде көрсетіп, Республикалық чемпионатқа жолдама алды.

Осы жылдан бері «Слесарлық іс» құзіреттілігі бойынша WorldSkills чем-





пионаты үздіксіз өткізіліп келеді, бірақ тек облыстық деңгейде ғана өткізіліп келді. Тек осы жылы яғни 2021 жылы «Слесарлық іс» құзіреттілігі қайтадан Республикалық деңгейге шықты.

Слесарь мамандығы ешқашан өлмейтін мамандық. Әрине барлық мамандықтар маңызды, жақсы немесе жаман мамандық жоқ, дегенмен ең алдымен нарықта сұранысқа ие, жұмыс табылатын мамандық керек.

Слесарь жөндеушілер барлық салаларда соның ішінде өнеркәсіпте сұранысы жоғары мамандық.

Қаншама техника автоматтандырылған жүйеде жұмыс жасаса да, робот адам орнын басады десек те, слесарь орнын ешқандай алмастыра алмайды.

«Слесарлық іс» мамандығы металдарды суық күйінде өңдеумен, қарапайым көмекші құралдар мен жабдық-

тардың, қол слесарлық құрал-сайманның көмегімен жабдықтың, машиналардың, механизмдер мен құрылғылардың барлық түрлерін құрастыру, монтаждау, демонтаждау және жөндеумен байланысты кәсіптің түрі.

Осы мамандық бойынша өңірлік чемпионат Маңғыстау энергетикалық колледжінде әр жыл сайын жоғарғы деңгейге өтіп жүр. Колледж базасы мамандыққа толық жабдықталған.

2019 жылы Құтмағанбетов Төрехан, 2020 жылы Болдырев Анатолий WorldSkills өңірлік чемпионатында кәсіби шеберліктерін өз бәсекелестерінен жоғарғы деңгейде көрсетіп, Республикалық WorldSkills Kazakhstan чемпионатына жолдама алып өзге өңір үздіктерімен сайысқа түсіп жүлделі екінші орынға ие болды.

2021 жылы Республикалық WorldSkills Kazakhstan чемпионаты Павлодар қаласында өтті. Еліміздің төрт өңірінен келген қатысушылар арасында болған сайыста әр қатысушы өз кәсіби шеберліктерін жоғарғы деңгейде көрсетті.

Кәсіптік білім беру адамның қалыптасуына ықпал етеді. Кәсіби дағдылармен бірге олар жастарға кәсіби болуға мүмкіндік беруі керек және әлеуметтік табысты, бәсекеге қабілетті болу керек.

Замира Рахановна
ТАКАБАЕВА,

Маңғыстау энергетикалық колледжінің өндірістік оқыту шебері.

Ақтау қаласы,
Маңғыстау облысы.



География пәндерін оқытуда Google карталарын пайдаланудың тиімділігі



**Аида
Бердешовна
СУЛТАНГАЛИЕВА,**

«№69 жалпы білім беретін орта мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
география пәні мұғалімдері.

Ақтөбе қаласы.



**Мейрамбек
Аскарович
УНГАРБАЕВ,**

Аннотация

Google карталары бүгінгі таңдағы әлемдегі ең үздік картографиялық бағдарламалардың бірі болып табылады. Оның қызметін күн сайын ғаламшарымызда миллиондаған адамдар пайдаланып, өмірлерінің әр саласында қолдануда. Google карталарын оқу процесінде пайдалану білім алушының таным көкжиегін ғана дамытып қоймай, функционалдық сауаттылығын дамытады. Картада әлемнің барлық аймағын қамтитын өте жоғары сапалы суреттер мен ғаламшарымыздың бейнесін 3D өлшемде толыққанды көруге болады. Google Maps бағдарламасын оқу процесінде үздіксіз пайдалану білім алушының ақпаратты дайын күйінде алып қана қоймай, оны өңдеп талдауға одан әрі толықтырулар еңгізіп, оны тарауға мүмкіндік береді.

Google карталары Жер ғаламшарына еркін саяхаттауға мүмкіндік беретін бірден-бір сапалы платформа десек те болады. Бұл картаның мүмкіндіктерін қазірдің өзінде түрлі нысандардың мекен-жайын, жұмыс уақытын, жолдағы кептелістің деңгейін, бару керек нысанның маршрутын, т.б. анықтауда кеңінен қолданып жүрміз. Қазіргі кезде қолданыстағы танымал Google Жер бағдарламасында жер бедерін үш өлшемде қарап, нысандарды ірі және ұсақ масштабтарда көруге болады. Сонымен қатар, Google Street View қосымша бағдарламасы әлем қалаларын аралап, тамаша архитектуралық ескерткіштер

мен ғимараттарын виртуалды аралауға мүмкіндік береді. Тақырыптың өзектілігі, осындай заманауи бағдарламалардың мүмкіндіктерін оқу процесінде ке-




1. Гималай тауы. Google Maps арқылы түсірілген сурет



нінен қолдану мен туындайтын проблемаларды анықтап, оның оқу сапасына әсерін саралау болып табылады.

Google Maps бағдарламасы арқылы оқу барысында кездесетін көптеген мәселелерді шешуге болады. Қарапайым карталарға қарағанда Google карталарының масштабы, жер бедері, бейнелерінің сапалылығы, нысандардың дәлдігі жағынан көптеген артықшылыққа ие. Сондықтан, бұл карталарды ХХІ ғасырдағы жаңа географиялық білім көздері десе де болады. Қазіргі таңда Google Maps-тағы жер серіктен түсірілген барлық карталар мен көшелердің суреттерінің көлемінің өзі 21 миллион гигабайт немесе 20500 терабайттан асып барады. Бұл заманауи



2. Қазақстанның солтүстігінен оңтүстігіне дейінгі арақашықтығы

карталар физикалық және экономикалық географияның көптеген тақырыптарын қамтиды. Жердің даму тарихы мен географиялық қабықта болып жатқан заңдылықтарды, табиғат құбылыстары мен олардың біртұтастығын, жер бедерінің қалыптасу формаларын түсіндіруде Google карталарын үлкен көмекші құралға айналдыруға болады. Экономикалық география бөлімінде-

гі маңызы зор қалалардың орналасуы, ірі өнеркәсіп кешендері, пайдалы кен орындары, барлық автомобиль және теміржол тораптары картадан табылады.

Google Жер бағдарламасының ғарыштық түсірілімі көмегімен 2008 жылы Қазақстандық кәсіпқой археолог Д. Дей Торғай геоглифтерін тауып, әлемдік деңгейдегі үлкен жаңалық ашқан еді. Содан бері NASA ғалымдары Торғай геоглифтерін бірнеше рет ғарыштан суретке түсіріп, ғылыми мақалалар жазған болатын. Осындай жағдайлар қазақ жерінің талай сырларының әлі де болса ашылмаған күйі жатқаны, терең зерттеп зерделеуін қажет етеді.




3. Алтес музейі, Германия

Бұндай карталардың көмегімен қалалардың өсу зонасын анықтап, болашақтағы даму жоспары мен алда кездесетін антропогендік проблемаларды анықтауда да маңыздылығы зор. Google Maps қосымшаларының бірі болып табылатын Google Street View арқылы үлкен қалалардың көшелеріне панорамалық саяхаттауға болады. Соның арқасында әлемнің 35 елінің 3000-нан астам қаласының көшелерін 360 градустан көруге мүмкіндік туды. Өкінішке

орай, бұл бағдарламаға Қазақстанның Астана мен Алматы қалаларынан басқалары әлі енбеген.

Әлем қалаларын саяхаттап қана қоймай Google өзінің қосымша бағдарламаларында үлкен қалалардағы танымал нысандардың ішіне еніп аралауға да болады. Көптеген музейлер, саябақтар, адамзат құндылықтары саналатын түрлі сәулет ескерткіштері, қайталанбас тамаша табиғат көріністері әлемнің біз ойлағаннан да, әлдеқайда қайталанбас ғажайып екендігін танытатындай.

Google қосымшаларының ішінде бұдан басқа Күн жүйесіндегі ғаламшарларға арналған жер бедері карталарын да атап өтуге болады. Марстың үш өлшемді жер бедері картасы қызыл ғаламшардың талай құпиялы қойнауын ашары сөзсіз. Осы картаның көмегімен-ақ Марстағы жер бедерінің ерекшелігін, әр түрлі биіктіктегі жоталар мен тауларын, ондағы ауа-райы туралы да көптеген деректер алуға болады. Қызыл ғаламшардың зерттелуі Жер ғаламшарындағы тіршіліктің шығуы мен Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың шығу себебін түсіндіруде үлкен көмек болмақ.



4. Google картасындағы нысандар. Ақтөбе қаласы

Оқушының білім алуға деген қызығушылығын арттыруда түрлі гаджеттердің көмегі көп. Оқушы ұялы телефондары арқылы оқу процесіне араласып, берілген тапсырмаларды уақытылы орындайды. Ұялы телефондарындағы Google карталары арқылы түрлі нысандардың географиялық координаталарын, күнделікті көшеде жүріп өткен маршруттарын, өзінің тұрғылықты жерінің мекен-жайын өзгелермен алмасуы, белгілі бір жерге жету үшін қаншалықты уақыт кететінін, қоғамдық көліктердің жүру кестесін, велосипед тебу жолақтарын, жақын жердегі дәмхана, кафе, дәріхана, дүкендер желісі, жанармай құю бекеттері, т.б анықтай алады.

Қорыта келгенде, қазіргі ақпарат кеңістігінің жылдам дамуы мен тез жанаруына білім жүйесінің ілесе алмауы мемлекеттегі барлық өндірістің дамуын тежеуге әкеліп соғады. Жаңа технологиялардың адам өмірінің әр саласына дендеп енуі уақытты үнемді пайдаланып, ақпаратты қолжетімді етуде. Оқу процесінде осындай жаңа технологиялы платформаларды қолдану арқылы оқушылар шынайы өмірде болып жатқан түрлі жағдайларды шешуде және өзін қоғамның белсенді мүшесі ретінде сезінуінде маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Вайз Д., Малсид М. — «Google. Прорыв в духе времени» под ред. Е.М. Бузниковой. — М.: ЭКСМО, 2007. — 368 с.
2. Гусев В.С. — «Google: эффективный поиск информации в Интернет. Краткое руководство». - М.: Диалектика, 2005. — 240 с.
3. Джанет Лау — «Google. Прошлое, настоящее, будущее». — М.: Эксмо, 2009. — 290 с.



Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы балалардың зияткерлік қабілетін дамыту

Интеллект — ақыл, ақыл-парасат, ес, түсінік, таным-ойлау қызметінің жоғарғы типі. Интеллект — адамның ақыл-ой қабілеті, сондай-ақ ақыл-ой даму деңгейінде көрінеді.

Интеллектуалдық — адамның табиғат берген ой, сана, тану, ақыл, парасат секілді қасиет-қабілеттерін оқу, білім алу, тәжірибе жинақтау арқылы жетілдіруі, оны өзін және қоғамды дамыту үшін және жаңа жағдайларға сай бейімдеп қолдана алу қабілеті. Г. Гарднер зияттылықты бірнеше түрлерге бөлді:

- лингвистикалық зияттылық — ақпаратты беру немесе ынталандыру, туындату үшін тілді қолдана білу мүмкіндігі (ақын, жазушы, редактор, журналист т.б.);

- музыкалық зияттылық — музыкадан ләззәт ала білу немесе құрастыру;

- логикалық-математикалық зияттылық — түсінік, белгі, объектілерді басқару жолымен өзара қатынас құрылымы категорияларын зерттей алу мүмкіндігі және жинақы бейнемен зерттеу жүргізу;

- кеңістіктік зияттылық — санада объектілерді басқару, қабылдау, көру мүмкіндігі, көзбен — кеңістіктік композициялар құру және қабылдау;

- денелік-кинестетикалық зияттылық — спортта, еңбекте, биде қозғалу біліктіліктерін пайдалану;

- тұлғааралық зияттылық — өзгелерді түсіне білу және олармен дұрыс қарым-қатынаста болу;

- тұлғаишілік зияттылық — өзін түсі-

не білу мүмкіндігі және өзін-өзі дұрыс қарым-қатынаста ұстау.

Ал Дж. Гилфорд бойынша зияттылық құрылымы төмендегідей сипатта болады:

- таным (ұсынылған материалды қабылдау және түсіну);

- есте сақтау (ақпаратты есте сақтау және кері қайта айту);

- конвергентті ойлау (логикалық ойлау);

- дивергентті ойлау (логикадан тыс, альтернативалық ойлау);

- бағалау (берілген жағдаят дұрыстығы туралы пікір).

Балалардың зияткерлік дағдыларын қалыптастыру мәселесі психология мен педагогикада ұзақ уақыт бойы дамып келеді, нәтижесінде мамандар мектепке дейінгі жаста ойлау процестерінің танымдық әлеуеті қалыптасадy, пәндік-операциялық, ойын, білім беру, шығармашылық белсенділік пен қарым-қатынас мотивациясы дамиды деген пікірге келді.

Р.С. Немов «зияткерлік дамуды логикалық ойлау мен сөйлеуді дамыту» дейді. Зияткерлік даму ақыл-ойдың кеңдігінде-құбылысты әр түрлі байланыстар мен қатынастарда, жалпылау қабілетінде қарастыру қабілетінде көрінеді. Мектеп жасына дейінгі баланың еңбек қызметі оның табандылығы мен тапқырлығы негізінде қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қалыптасуы жалпы бақылау мен күш-жігермен, тәрбиешілер мен



ата-аналардың бақылауында болуы керек. Олар балалардың терең зияткерлік тәжірибеге, әрқайсысының бірегейлігіне, жеке басының бірегейлігіне қабілеттілігін мойындауы керек.

Мектепке дейінгі жылдары (3-тен 7 жасқа дейін) белсенділіктің өсуі және әртүрлі іс-шараларда өзін-өзі сынап көруге деген ұмтылыс өте айқын көрінеді: тыныш әрекетте; сезім арқылы сезілетін әсерлерге деген құштарлық; өзін-өзі көрсетуге деген ұмтылыс. Бала өзінің жаңа мүмкіндіктерін қолдануға және дамытуға деген қажеттілікті сезінеді.

Музыкалық интеллект — бұл адамзаттың негізінен есту сезіміне сүйенетін және осы жолда жұмыс істейтін бөлігі. Мұндай ақыл иесіне логикалық-математикалық музыканы (әншілер, композиторлар және т.б.) жазуға және орындауға мүмкіндігі жоғары болады;

Кеңістіктік интеллект көрнекі немесе кеңістіктік композицияларды қабылдау және құру қабілеті, адам объектіні елестеткеннен кейін, оны қабылдайды және онымен ақыл-ойда манипуляциялар жасайды. Бұл сәулетшілер, инженерлер, хирургтар;

Дене-кинестетикалық интеллект — бұл физикалық көріністе моториканы қалыптастыруға және қолдануға бейімділік, көбінесе бұл спортпен, орындаушылық өнермен және қол еңбегімен айналысатын адамдарда көрінеді. Спортшы, суретші немесе биші және т.б.

Л.С. Выготский «оқу дамудан бұрын жақсы болған кезде ғана жақсы. Мектепке дейінгі жастағы баланың бастапқы идеяларын қалыптастыру процесінде оқыту басты рөл атқаратынды-

ғымен келісуге болмайды. Жақын даму аймағы балалардың бір нәрсені үйренудің оңтайлы мерзімдерін анықтауға мүмкіндік беретін әр баланың әлеуетті мүмкіндіктері болады. Психологиялық тұрғыдан алғанда, проксимальды даму аймағы дамып келе жатқан оқытудың мәнін анықтайды» дейді. Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілетін анықтау үшін іскерлік ойындары, диагностикалау әдістерін қолданған жөн. Мысалы:

К.Л. Печораның «Шаршыны тап» әдісі. Жүргізілуі: балаға 10 төртбұрыштың суреті көрсетілген, олардың ішінде 5 бірдей квадрат және 5 төртбұрыш квадраттардан сәл өзгеше: тік жақтары көлденеңінен сәл ұзағырақ немесе керісінше, төртбұрыштың кез келген бұрышы дұрыс бұрыштан кіші немесе үлкен. Оған барлық бірдей фигураларды (барлық жақтары мен бұрыштары тең квадраттар) табуға және көрсетуге шақырылады. Егер ол барлық немесе барлық дерлік квадраттарды таба алса, онда бұл оның сараланған қабылдау қабілетінің болуын көрсетеді.

Г. Айзенктің «Артық зат» баланың логикалық есте сақтау қабілетін анықтауға арналған тест. Балаларға әр түрлі заттар бейнеленген карточкаларды ішу ұсынылады, әр карточкада төрт зат бар. Содан кейін балалардан карталардағы артық затты анықтап, оның неге артық екенін негіздеу сұралады. Осыдан кейін әр баланы ойлануға және қалған үш тақырыпты қалай атауға болатындығын айтуға шақырады. Бағалау критерийлері: барлық артық заттарды дұрыс тауып, оларды бір сөзбен атау — бейнелі-логикалық ойлаудың жоғары деңгейі; егер бес тапсырманың үшеуі



орындалса және оларды бір сөзбен қорытындылай алса — орташа деңгей; егер үшеуден көп қате жауап болса, онда бала тапсырманы орындай алмады — төмен деңгей. Сонымен қатар психологиялық, логикалық жаттығулар мен тапсырмалар ұсыну. Мысалы:

Тәрбиеші балаға фланелеграфта олар деп аталатын 8 нысанды тікелей суреттерін пайдаланбай көрсетуді ұсынады, мысалы:

- 1) Күн — бала сары үлкен шеңберді көрсетеді;
- 2) Теңіз — көк үлкен тіктөртбұрыш;
- 3) Саябақ — жасыл үшбұрыш;
- 4) Көп қабатты үй — тар тік жолақ;
- 5) Өзен — кең көлденең жолақ;
- 6) Қауын — сары үлкен сопақ;
- 7) Үтік — ақ үшбұрыш;
- 8) Теледидар — көк шаршы.

Психологиялық-педагогикалық әдістемелік әдебиеттер арқылы балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту аса маңызды. Сондықтан әрбір сабақ баланың қызығушылығына негізделу керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Холодная М.А. Психология интеллекта. — Москва-Томск, 1996.
2. Телепнева Н.Н. Развитие творческой одаренности учащихся младших классов в школах инновационного типа. — Алматы, 2006. — 171 с.

**Мөлдір Абылайқызы
САТМАГАМБЕТОВА,
«Боранқұл» бөбекжайы ЖБҚ МКҚК
орыс тілі пәнінің жетекшісі.
Бейнеу ауданы,
Маңғыстау облысы.**

Интерактивті әдістерді сабақта тиімді қолдану технологиялары

Инноватика — жаңару үдерісі, жаңалық үдерістерінің теориясы, жаңалық ендірулер туралы ғылым. Инновация — бұл жаңаны енгізу үрдісі болып табылады. «Инновация» ұғымы латын тілінен алынған, ол — «жаңару, өзгеру» деген мағынаны білдіреді. XX ғасырдың 30-жылдарында Еуропада ғылымның жаңа саласы, жаңашылдық ғылымы пайда болып, ал 50-жылдары педагогикалық инноватика қалыптасты. Инновация мазмұны, құрылымы, сипатына қарай бөлінеді. Мазмұнына байланыс-

ты: модификациялық, комбинаторлық, радикалдық.

Модификациялық инновация — қолда барды дамыту және оның түрін өзгерту. Модификациялық инновацияға В.Ф. Шаталовтың математикадан жазған тірек конспектісін жатқызуға болады.

Комбинаторлық инновация - бұрын қолданыста болмаған белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру әдістерін жатқызамыз.

Радикалдық инновация — білім беру



жүйесіне мемлекеттік стандарттарды енгізу мәселелерін жатқызамыз.

Технология (грек тілінен аударғанда *techne* — өнер, шеберлік, жасай алу және *logos* — білім) — өнеркәсіптің әр түрлі салаларындағы материалдарды немесе жасалған заттарды т.б. өңдеу немесе қайта өңдеу, қабылдаудың сәйкестігі және алу тәсілдері; осындай қабылдаулар мен тәсілдерді жасайтын және жетілдіретін ғылыми жүйе

Ал интерактив — сөзі бізге ағылшын тілінің «*interact*» деген сөзінен келген. «*Inter*» — бұл «өзара», «*act*» — әрекет ету дегенді білдіреді. интерактивті оқыту — бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады.

Пассивті оқыту әдістері — оқушы оқытудың «объектісі» рөлін атқарады (тындау және көру);

Активті оқыту әдістері (белсенді) оқушы оқытудың «субъектісі» болып шығады (өзіндік жұмыс, шығармашылық жұмыс, лабораториялық-практикалық жұмыс);

Интерактивті оқыту әдістері — *inter* (өзара), *act* (әрекеттесу). Оқыту процесі барлық оқушылардың тұрақты белсенді өзара қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Оқушы мен мұғалім оқытудың тең құқылы субъектісі болып табылады.

Білім берудегі интерактивті технология — оқу үдерісінде ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқушылардың үдеріске қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту технологиясы. Интерактивті технологияны оқыту үдерісінде

пайдалану әдістерін өз ішінде үшке бөлеміз:

- техникалық құрал-жабдықтарды қолданбай өту әдісі;
- техникалық құрал-жабдықтарды жарым-жартылай қолдану әдісі;
- техникалық құрал-жабдықтарды қолдана (аудиовизуалды) оқыту әдісі.

Интерактивті технологияның техникалық құрал-жабдықтарды қолданбай өту әдісіне жұптасып жұмыс істеу, ротациялық (ауыспалы) үштік, карусель — айналмақ, шағын топтармен жұмыс, аквариум, аяқталмаған сөйлем, миға шабуыл (миға шабуыл), броундық қозғалыс, есептеу ағашы, өз атынан сот, азаматтық тындау, ролдік (іскерлік) ойын, сығымдау әдісі, өз позициянды ұстан, дискуссия, дебаттар т.б. жатады.

Smart technologies Inc. компаниясы 1991 жылы дүниежүзінде бірінші болып интерактивті тақтаны ұсынды. Интерактивті тақта оқу пәндерін түрлендіруге, білім сапасын арттыруға ықпалы зор. Интерактивті әдіс кезінде:

- сабақ үстінде оқушылар мен мұғалімдер арасында тығыз қарым-қатынас орнайды;
- ондай қарым-қатынас оқушылар әлдебір мәселені талқылап, соның шешімін табуға тырысқан кезде қалыптасады;
- онда оқушылардың жауабынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды болады.

Интерактивті оқытудың басты мақсаты — оқушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап беруге үйретеді. Интерактивті әдістің ерекшелігі — бала өзгелермен араласу барысында ашыла түседі, көбірек оқып, тәжірибе жинай білуі керек. Тәжірибе интеллектуалдық



тәуелсіздіктің негізі болып табылады және барлық өркениетті азаматтың қажетті құралы десек те болады. Интерактивті әдістеме оқушылардың мынадай мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді:

- олар мол мағлұмат алып, өздері айтқан пікірге логикалық түсініктеме беруге жол ашады;

- өз пікірлерін терең ойланып айта алатын болады;

- мәселені талқылаған кезде бұған дейін алған, тәжірибеде жинақтаған білім қорын пайдалана алады;

- бір - бірінен жаңа мағлұматтар алатырып, білімін толықтыра алады;

- шындыққа көз жетуі үшін дәлел іздеп, ойын анықтап көрсете алады;

- Интерактивті әдісте таным қабілеттерінің мынадай түрлері қолданылады:

- фактілерді еске алу;

- ойлану;

- алған білімін жаңа жағдайға пайдалану;

- талдап, синтездеп үйрену (бір ортақ шешімге жету үшін, барлық идеяларды біріктіру);

- баға беру (сапасын анықтау).

Интерактивті әдістерді қолдану барысында мұғалім төмендегідей мәселелерді ескеруі қажет:

- тұлғаның еркіндігі мен құқықтары сақталуы керек;

- тұлғаның өзін көрсете алуына жағдай жасау керек;

- оған өзіндік даралығын көрсетуге мүмкіндік жасау керек;

- педагогикалық қолдау көрсету.

Интерактивті оқыту технологиясы — бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген процесс. Интерактивті оқыту технологиясы барысында оқушы

өзінің білімін, шығармашылық, коммуникативтік, танымдық, мобилділік қабілетін көрсете алады. Өзіндік ой-пікір мен белсенділік әрекеті қалыптасарды.

Белсенділік (лат. *Activus* — әрекетшіл) — бұл психикалық көрініс, қарқынды немесе бір ерекше әрекет жасауда көрінетін адам мінезінің бір қыры. Жеке адам белсенділігі — оның болмысындағы негізгі мәселенің бірі.

Ф. Энгельс айтуынша: «әрекетшілдік — тіршілік иесінің бәріне тән өз бетімен жауап қайтару қабілеті». Адамның белсенділігі өз қажетін қанағаттандыру үрдісі кезінде көрінеді. Белсенділік болса оқушыда шығармашылық қалыптасарды.

Д.Б. Чернилевский зерттеуінде әлеуметтік және моральдық сананың жоғары деңгейін бөліп қарастырады:

- ойлаудың ізденістік — түрлендіруші стилі, дамыған интеллекттік логикалық қабілеттер (талдау, түсіндіру, негізгіні көре білу біліктілігі);

- мәселені көре білу, фантазия, дамыған қиял, ерекше тұлғалық сапалар (батылдық, инициативалылық, кәсіби әрекеттегі тәуекелге дайын болу, мақсатқа бағыттылық, білуге құмарлық, өз бетінділік, табандылық, энтузиазм);

- ерекше түрткілер (өзінің «Менін» жүзеге асыруға қабілеттілік, басқалардың мойындағанын қалау, креативтілік қабілеттер, креативтілік үдеріс өз еңбегіне әуестенушілік, педагогикалық еңбектің нақты жағдайында неғұрлым жоғары нәтижеге ұмтылыс).

